

Мың жасаған шаһардың шамшырағы



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АЛМАТЫ

АҚШАМЫ

№158 (5192),
29 желтоқсан, сейсенбі, 2015 жыл.

almaty-akshamy.kz E-mail: almaty-aksham@mail.ru

Газет 1988 жылдың
1 шілдесінен бастап шығады



ISSN 2223-2370



9 772223 237006

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

**«РУХЫ БИІК, ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ
ЗЕРЕК ТЕ ЗЕРДЕЛІ ҰРПАҒЫСЫҢДАР»**



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

ҚАЛА ӘКІМІ СҰРАҚТАРЫҢЫЗҒА ЖАУАП БЕРЕДІ

Бүгін Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбектің қатысуымен <http://egov.kz> порталында Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауы бойынша, сондай-ақ, оның жүзеге асырылу барысына орай интернет-конференция болады. Осыған байланысты қала тұрғындары өздерін мазалаған сұрақтарды сайтқа тіркеуден өткізгеннен бастап бір тәулік ішінде оған жауап ала алады. Өтетін мерзімі: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ОРАЙ

**Алматы көшелері
заңсыз жарнамалардан
тазартылады** 5

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

**ҮСТАЗ БОЛУ –
ЖҮРЕКТІҢ
ТАЗАЛЫҒЫ** 10

ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Әлемді

Соңғы кезде көше бойына рұқсатсыз орнатылған 1000-ға жуық тактайша мен баннер алынып тасталды. Бірақ, жарнамаларын жапсырғысы келгендерге еш тыйым болмай тұр. Тәртіп сақшылары мен тиісті орындар заңсыз жарнамаларды бір тазалап тастаса, арада көп уақыт өтпей, қайта пайда болады. Қала көшелеріне заңсыз жарнама жапсырушылар өшкереленіп, шара көрілгендері де жетерлік. Оларға миллион теңгеге жуық айыппұл салынды. Өздері бүлдірген тактайшалар мен қоршауларды қалпына келтіру ісіне де тартылды. Қала көшелеріндегі қоршаулар да қалпына келтірілуде. Осы уақытқа дейін қаланың 8 ауданындағы 119 қаппа жөнделіп, өңі кеткен 219 қоршау боялған. Құрылыс аландарын жағалай қоршаған шарбақтарға қаланың бүгінгі жетістігі мен келешегін бейнелейтін баннерлер ілінгенін алматылықтар да байқап жүрген болар. «Алматы ақшамы» газетінің қазан айындағы нөмірінде «Метро бойында бір түнде салынған сурет» деген тақырыпта көшедегі қабырғаны шимайлаған «жабайы граффитиші» — «түнгі суретшілердің» Абай данғылы мен Брусиловский көшесінің бойындағы елу метр темір қоршауға шимай-шатпақ сурет салып кеткен өрескел ісі туралы сын материал жазған

маларды көпшілік жүретін жерлерге ілуін қояр емес. Әкімшілік қызметкерлері, Ішкі істер департаменті мен экология инспекциясының өкілдерінен құралған топ қаланың барлық аудандарында тексеру жұмыстарын таң атқаннан түннің бір уағына дейін жүргізеді. Қараша айының соңынан қаланың 112 көшесін сүзіп шығып, 1000-нан аса жалбырап ілінген жарнама мен хабарламаны жұлып тастады. Алайда, өз істерінің заңсыз екеніне жарнама жапсыратындар мән бермейтін секілді. Тек үш күннің ішінде 8 аудан бойынша 18 хаттама толтырылып, жарнама жапсырғыштарға 800 мың теңге айыппұл салынған.

— Заңсыз жарнама орнатушы жеке тұлғаларға 39640 теңге, ал, заңды тұлғаларға 59640 теңге көлемінде айыппұл салынады. Орта бизнес өкілдеріне 80 мың теңге көлемінде айыппұл салынады, — дейді Жетісу ауданы ІІБ әкімшілік полиция басқармасы бөлімінің басшысы Данияр Бүйрекбаев.

Бұлардан бөлек заңды тұлғалардың өздеріне тиесілі аумақтарының тазалығы — жапырақтардан, күл-коқыстардан тазалау жұмыстары жүргізілді. Бұл шаруа алдағы кезде де жалғасын табатын болады.

■ КЕРЕК ДЕРЕК

Биыл қаламызда тіркелген автокөліктің жалпы саны 550 мыңды құрады. Ал, мегаполиске басқа қалалардан келетін транспорт саны 250 мыңға жетеді. Транзит бойынша 30 мың көлік өтеді. Осылайша, бір күнде қаланың жол-көлік жүйесі 800 мыңға жуық көліктің салмағына төтеп береді.

Сондай-ақ, жиналған жұрт спикерлердің «Қаладағы көгалдандыру ауа сапасына қалай әсер етеді?», «Тиімді мониторинг жүйесін қалай жасау керек?», «Жекеменшік секторларды газификациялау», «Алматыдағы ғимараттарда және кәсіпорындарда ауа тазалау тәсілдері», «Заманауи құрылыста ауа тазартудың технологиялары», «Ауа алмасудың жақсаруы — қаланың тұрақты дамуының негізі», «Экоэкологиялық технологиялардың дамуының қала тұрғындарына әсері» атты тақырыбындағы ой-пікірлерін ерекше ықыласпен тыңдады.

Басқосуда сөз алған қала әкімінің орынбасары Ерлан Әукенов Алматының ауасын тазартуға байланысты жиында талқыланған өзекті мәселелерге тоқталып, қазіргі таңда олардың шешімін табуға бағытталған бірқатар іс-шаралардың жүзеге асырылып жатқандығын тілге тиек етті.

● ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Заң факультетінің студенттері еліміздің заң шығарушы органдарында шығып жатқан заңдармен қаруланып, заңдық-құқықтық нормативтермен жіті танысуда. Биыл Қазақстан Республикасының «Телерадиохабарларды тарату туралы» Заңы, «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңы, «Ақпараттық қолжетімділік туралы» Заңы, «Сайлау туралы» Заңы мен «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы қарастырылды. Осы заң жобалары ұсынылған шақта студенттеріміз оны жан-жақты талдауға қатысып, осыған қатысты ұсыныстарын, ой-пікірлерін ортаға салған болатын. Кейін сараланып, дараланған соң Парламенттің қос палатасының сүзгісінен өткен еліміздің бұл заңдары заңдық күшіне еніп, өмірлік қолданысқа көшті.

Ел өміріне аса қажет маңызды осы заңдық құжаттармен танысу барысында университет студенттері заң алдында өздерін сергек сезінді, адам құқығы мен бостандығын құрметтеуге ынтыланғанын, айнала орта мен табиғатты, Отаны мен отбасын сүйуге ықыласы артты. Мәселен, бұдан бұрынғы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда 30 бап болса, жана заңда

Замана көшінде — жаңа заңдар

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті — классикалық құқықтық білім берудің ең үздік дәстүрі негізінде осы заманғы инновациялық әдістемелерді қолданып жүрген жоғарғы оқу орны. Факультеттің даму стратегиясына сай, педагогикалық үдерісте қазіргі заңтану ғылымы саласындағы ықпалдастықтың қажеттілігі мен кафедраның ғылыми өлеуетін арттыру мақсатында тиісті жағдай жасалуда. Сондай-ақ, дарынды және жоғары білікті мамандарды ғылыми-педагогикалық қызметке тарту, кадрлық қорды қамтамасыз ету, оқу үдерісіндегі тәжірибелік қызметке маман тарту жолға қойылуда. Заңгер дайындауда халықаралық институттармен, орталықтармен ынтымақтастық орнатылып, зерттеу және ғылыми жобаға қатысатын профессор-оқытушылық құрамның жай-күйі қарастырылуда.

72 бап бар. Жана заңның жанаалығы да мол. Онда меритократия қағидаты берік орнығып, әскери қызметке кеткен мамандардың да жағдайы онтайлы қарастырылған. Дала заңынан демократия заңына дейінгі бел-белеске көз жүгірткен кемел келешектің фемиды өкілдері тәрбиенін тал-бесіктен, тәртіптен бастау алатынын ұқты.

Отаншылдық сезім, азаматтық пен еңбек-қорлықтың өзі осындайdan басталады.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы тәжірибелі мамандармен түрлі кездесу ұйымдастырып, «Құқық қорғау органдарының негізгі міндеттері», «Қазақстанда қылмысты-

лықтың алдын алу шаралары», «Прокуратура органдарының негізгі бағыттары» тақырыбында ашық дәріс сабағын өткізіп тұрады. Тәуелсіз демократиялық, құқықтық мемлекет құру жолында еліміздің барлық заңгерлері мен қоғамдық бірлестіктердің негізгі міндеті — сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету.

Елбасы Н.Назарбаев қылмысқа қарсы күресте бірінші кезекте табанды көзқарас ұстануды тапсырды. Елбасының биылғы Жолдауында осындай өзекті мәселе өткір қойылған. Қылмыстың ауыздықтылауы нәтижесінде экономикалық өсімнің қамтамасыз етілуі бірқалыпты деңгейге жетті. Заң жүйесі, заң-құқықтық тәртіп, оның орындалуы мен қадағалауына сот, прокуратура, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет ететін жоғары білікті факультет түлектері тікелей атсалысуда. Түлектер қай салада да табандылық танытып, жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқаруда.

Айжан АРЫН,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі.